

## Қамқоршылық кеңесінің жиналысы

### Хаттама №1

Құлсары қаласы

23 ақпан 2021 ж

#### Күн тәртібінде:

Қатысушылар: 9 –кеңес мүшесі, 1- мектеп басшысы.

Қатысқандар:

Танатарова Майра Абуғалиқызы-мектеп директоры.

Дарментаева Раушан –оқу ісі орынбасары.

Шыңғысова Нұршат – тәрбие ісінің орынбасары

Хайруллина Света –әлеуметтік педагог

Нұрымов Асхат - кеңес төрағасы

Бурамбаева Айнагүл –кеңес мүшесі

Жолдасқалиқызы Жанаргүл –кеңес мүшесі

Утегенова Бақтыгул –кеңес мүшесі

Бисембаева Назгул –кеңес мүшесі

Бегежанова Болдық –кеңес мүшесі

Акмулдиева Шарипа –кеңес мүшесі

Утегенова Моншақ –кеңес мүшесі

Нагиев Еркін –кеңес мүшесі

1. Атырау облысы білім беру басқармасының 2021 жылдың 12 ақпанындағы №15-4-13/489 хатына сәйкес білім беру ұйымдарында күшейтілген санитарлық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, тамақтану орындарын дайындауға, кәсіпкерлермен тамақ беруді ұйымдастыруды жүргізу шараларын жүзеге асыру бойынша әзірленген ұсынымдарды білім беру органдарының, ата-аналар қоғамдастығының қызмет көрсетушілердің өкілдерімен қажетті ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

#### Тыңдалды:

Мектеп директоры: Танатарова Майра Атырау облысы білім беру басқармасы Атырау облысының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылдың 10 ақпанындағы №3 қаулысына сәйкес ҚР Бас мемлекеттік санитарлық-дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 46-қосымшасына сәйкес күшейтілген санитарлық-эпидемияға қарсы, санитарлық-профилактикалық іс-шараларды сақтаған жағдайда, білім беру объектілеріндегі қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне рұқсат етілген. Биылғы оқу жылында білім беру ұйымдарындағы қашықтықтан оқытуға байланысты (ZOOM) платформасы арқылы жиын өткізе отырып, ыстық тамақ ішетін оқушылардың ішінде офлайн оқып отырған, осал топтан шыққан отбасы балаларын анықтап, ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

Қамқоршылық кеңесінің қызметі мектеп әкімшілігімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі ведомстволармен, ата-аналар және басқада ұйымдармен қарым-қатынаста болады.

**Қамқоршылық кеңес төрағасы: Нұрымов Асхат** – мен осы кеңестің төрағасы ретінде айтарым мектептегі шаралар мен жиналыс қамқорлықтағы оқушылармен тығыз байланыста болады. Қашықтықтан онлайн форматта болса да мектеп тарапынан білім тоқтап қалған жоқ, балаларымыз тиісті білімін алып жатыр деп ойлаймын. Биылғы оқу барысында наурыз айынан бастап ыстық тамақты ұйымдастырып жатыр екен, сақтық шараларын қатаң сақтау, ара қашықтықты сақтау, тамақтың сапасы дұрыс болуы шарт деп ойлаймын.

**Ата-ана : Нагиев Еркін** - осы ұйымның мүшесімін. Қамқоршылық кеңесінің қызметі таныс, мектепке жол, қайырымдылық шараларында, мектеп тәртібіне байланысты жиындарда, жағдайы төмен отбасы балаларына жәрдем беріп, мектеппен тығыз байланыста жұмыс атқарып келеміз. Жылдағы үрдіс бойынша ыстық тамақ беру биылғы жылы карантинге байланысты тоқтатылған болатын, енді қайта қолға алынып жатыр екен. Тазалық, карантиндік тәртіптерді сақтау, тамақтың сапасы мектеп медбикесі қадағалап отырады деп сенімдімін.

**Ата-ана : Утегенова Бақтыгул** – кеңес мүшесі

Менің ұл-қызым осы мектепте оқиды. Мектептегі болып жатырған барлық жағдаяттармен танысып біліп отырамын. Ата-ана жиналыстарына қатысып тұрамын. Биыл қашықтықтан оқуға байланысты мектеп тарапынан көптеген көмектер беріліп жатыр екен. Асхана жұмысын қайта бастағалы жатыр екен, мектеп әкімшілігі тарапынан ережеге сай тексеріп отырады деп ойлаймын. Бастауыш сынып пен аз қамтылған отбасы балалары қамтылады деп ойлаймын.

#### Қаулы қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары жүйелі жүргізілсін.
2. Ыстық тамақтың сапасы, тамақ ішу кестесі жасақталсын.



Кеңес төрағасы:

Хатшы:

Нұрымов Асхат

Бурамбаева Айнагул